

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің
Спорт және дене шынықтыру істері комитеті

«Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық
мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» РММ

БЕКІТЕМІН

Қ.Мұңайтпасов атындағы
ОРРММИК директоры



М. Сапашев

20 22 ж. « 5 » 09

Пән/модуль/өндірістік оқыту мен кәсіптік практика бойынша
ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

«Кәсіптік қазақ тілі»

(модуль немесе пән атауы)

Мамандық: 01140500 – «Дене тәрбиесі және спорт»

(коды және атауы)

Біліктілік: 4S01140503 «Спорт жаттықтырушысы-оқытушы»

(коды және атауы)

Оқыту нысаны: күндізгі, жалпы орта білім базасында

Жалпы сағат саны: 60, кредиттер: 2,5.

Әзірлеуші:


(қолы)

Бапишева К.Д.
Т.А.Ә.

Түсіндірме жазба

Пән/модуль сипаттамасы

Пәннің мақсаты - оқушылардың сөйлеу тілін дамыта, ұштай отырып, олардың тілдің стильдік қырларын, негізгі қағидалары мен қолданыстарын танып меңгеруі, болашақ мұғалімдердің ақпараттық, коммуникативтік, мәселені шешу күзiреттiлiгiн қалыптастыру.

«Кәсіптік қазақ тілі» пәні бойынша модульдік оқу жұмыс бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы бойынша әзірленген. 01140500 «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша 4S01140503 – «Спорт бойынша жаттықтырушы-педагог» біліктілігі бойынша және оқу нәтижелеріне бағытталған.

Қалыптастыратын құзыреттер:

- Кәсіби - педагогикалық қызметте Болашақ спорт мұғалімдерінің әлеуетті мүмкіндіктерін зерттеу үшін диагностикалық әдістемемен қамтамасыз ету.
- Спорт педагогының кәсіби қалыптасуындағы кәсіби-педагогикалық мәдениеттің маңызы мен функцияларын зерделеу.
- Спорттық Бизнестің педагогикалық дамуын ынталандыру, спортта оң нәтижелерге қол жеткізуге кепілдік беретін негізгі жолдарды анықтау (оларды практикада іске асыру жолдары)

Пререквизиттер:

«Кәсіптік қазақ тілі» курсы - «Қазақ тілі», орыс тілі, әдебиет, психология, мәдениеттану пәндерімен байланыстыра отырып оқыту, тапқырлыққа, өнерге қызығушылық танытуға, мәдени-эстетикалық деңгейін көтеруге ықпал жасайды. Пән аралық байланыс арқылы білім алушы өзінің ішкі рухани құндылығын және сыртқы дүниемен коммуникативтік, зияткерлік қарым-қатынас жасау дағдысын қалыптастыруды көздейді. Пәнаралық байланыстарды ұйымдастыру білім алушылардың шығармашылық қабілеттерінің оянуына да септігін тигізеді.

Постреквизиттер:

«Кәсіптік қазақ тілі» курсы игеру үшін студенттің қазақ тілінен, педагогикадан, орыс тілінен, мәдениеттану пәндерінен белгілі білім деңгейі болуы қажет. Пән аралық байланыс арқылы білім алушы өзінің ішкі рухани құндылығын және сыртқы дүниемен коммуникативтік, зияткерлік қарым-қатынас жасау дағдысын қалыптастыруды көздейді. Пәнаралық байланыстарды ұйымдастыру білім алушылардың шығармашылық қабілеттерінің оянуына да септігін тигізеді. Аталған пәннің басқа ғылымдар арасындағы орны мен рөлі: аталған пән ғылым ретінде лексиканы, грамматикалық құрылымды және кәсіби біліктілік спецификациясын қоса алғанда қазақ тілде адамның іскерлік қатынасының негізгі түрлерін оқиды. Аталған пәннің аясында алынған білім маманға әр түрлі сала бойынша ғылыми, кәсіпкерлік іскерлікте, тәжірибелік жұмыста, 6 қазақ елдік әріптестермен қатынаста және өзіндік басқа да мақсаттарда қазақ тілін қолдануға мүмкіндік береді.

Оқуға қажетті құрал, жабдықтар:

1. Интерактивті тақта, мультимедиялық проектор;
2. Дербес компьютер, ноутбук;
3. Презентациялар;
4. Сандық білім беру ресурстары;

«Кәсіптік қазақ тілі» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру үшін оқытуды ұйымдастырудың келесі түрлері ұсынылады: дәріс, дәріс-диалог, проблемалық дәріс, кіріспе дәріс, экскурсия, тәжірибелік сабақтар және басқалар.

Танымдық әрекеттерді ұйымдастыру нысаны ұсыныстық сипатта болады.

Бөлім мен тақырыптардың тізбесі оқытылатын тақырыптарды (бөлімдерді) кеңейту және (немене) тереңдету жағына қарай өзгертілуі мүмкін .

Оқу материалы мазмұнының ерекшелігі мен күрделілігіне байланысты келесі оқыту әдістері ұсынылған: әңгіме, пікірсайыс, жағдайлық мәселелерді шешу, өндірістік жағдайларды талдау, рольдік және іскерлік ойындар, ақыл-ой шабуылы, материалды рәсімдеу, шағын топтардағы жұмыс және басқалар.

Үлгілік оқу бағдарламасы келесі пәндер бойынша білім алушылардың білімдеріне, іскерліктерді мен дағдыларына негізделеді: қазақ әдебиеті, орыс тілі, орыс әдебиеті, мәдениеттану, Қазақстан тарихы, философия, бейнелеу өнері, дене тәрбиесі, педагогика, этнопедагогика.

Пәнді келесі пәндермен байланыстырып оқыту ұсынылады: педагогика, педагогикалық зерттеу әдістері, жаңа педагогикалық технологиялар.

Осы үлгілік бағдарлама «Кәсіптік қазақ тілі» пәнінің мазмұны мен дайындық деңгейде талаптарды жүзеге асыруға арналған техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарына оқу жұмыс бағдарламасын жасау үшін негіз болып табылады.

Үлгілік оқу бағдарламаларын әзірдеуде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары циклға бөлінген оқу уақытының көлемін сақтай отырып:

- үлгілік оқу жоспарында цикл пәндерін зерделеуге бөлінген оқу уақыты көлемін 15-20 % шамасында өзгертуге құқылы (ҚР МЖМБС 4.05-2008 «Орта білім. Техникалық және кәсіптік білім. Негізгі ережелер.»);
- бөлімдер мен тақырыптарға берілген жалпы сағат көлемін бөлуге (пәнді оқытуға берілген жалпы бюджеттік көлемдегі уақыт);
- бағдарламалық материалды бірізділікпен оқытуда дәлелденген өзгерістерді енгізуге;
- жеке тәжірибелік және зертханалық сабақтарды басқа мазмұны сәйкес сабақтармен алмастыруға.

Бөлімдер мен тақырыптардың тізімі аймақтық компоненттердің енгізілуі есебінен, жұмыс берушінің талабы және жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып өзгертілуі мүмкін.

Педагогтің байланыс құралдары:

Бапишева Кымбат Дауылбаевна
Т.А.Ә.

Телефон: 8 705 245 16 17

e-mail: kima_bapisheva@mail.ru

Семестр бойынша сағаттарды бөлу

Модуль коды және атауы	Модуль бойынша барлық кредит/ сағат саны	Сонын ішінде					
		1 курс		2 курс		3 курс	
		1 сем	2 сем	3 сем	4 сем	5 сем	6 сем
1	2	3	4	5	6	7	8
БМ 4. Кәсіптік қазақ тілі	2,5/60	24	12	24			
Пән модуль бойынша оқытуға берілген жалпы кредит/сағат саны	2,5/60	24	12	24			

Оқу жұмыс бағдарламасының мазмұны

№	Оқыту нәтижелері	Бағалау өлшемдері	Барлық сағат	Онын ішінде			Сабак түрі	Бағалау тапсырмалары
				Теориялық	Тәжірибелік-зертханалық	Өндірістік оқыту/кәсіптік практика		
1-семестр								
1	ОН 4.1. Тіл туралы жалпы түсінік алады	БӨ 4.1.1. Тіл туралы білімдерін дамыту. Тіл туралы даналық сөздермен танысып, жаттау	2	1	1		аралас	Тіл туралы заң
2	ОН 4.2. Тілдік іс-әрекет мотивацисын дамыту	БӨ 4.2.1. Тілдік іс-әрекеттер түрлерімен, әдіс-тәсілдерімен танысу. Спортшы этикетін сақтай отырып, байланыс орнату	2	1	1		талдау	Мақал-мәтел жаттау
3	ОН 4.3. Танысу. Спорт түрлері тарихын зерттеу, әдістерін қолдану, маңыздылығын түсіну	БӨ 4.3.1 Спорт түрлерін талдау, нәтиже шығару	2	1	1		лекция	зерттеу жұмысы
4	ОН 4.4. Отбасы. Отбасы және спорт түсініктерін кеңейту	БӨ 4.4.1 Отбасым және спорт байланыстары ұғымдарын ұштастыра білу	2	1	1		семинар	ойтолғау
5	ОН 4.5. Менің үйім ұғымын қалыптастыру	БӨ 4.5.1 Менің үйім. Ойын бөлмесі. Жатақхана түсініктерімен танысып, айырмашылығын айқындау	2	1	1		лекция	суреттеу

6	ОН 4.6. Қонақжайлылық сөйлеуді дамыту	БӨ 4.6.1 Қонақжайлылық 6.2 Қонақ күту ата-дәстүр туралы білу	2	1	1		аралас	қосымша ақпарат
7	ОН 4.7. Демалыс. Туризм типтері, түрлері, формаларымен танысу	БӨ 4.7.1 Менің демалыс күнім. Саяхат жоспарлай білу	2	1	1		семинар	шығарма жазу
8	ОН 4.8. Қызығушылық, құмарлық, пайдалылық, бейімділік қасиеттерін анықтау	БӨ 4.8.1 Спорт менің өмірімде. Шығармашылық қабілеттерін таныту	2	1	1		лекция	эссе
9	ОН 4.9. Экология заңдылықтарын зерттеу	БӨ 4.9.1 Экология және біз, спорт туралы даналық сөздермен танысып, талдау	2	1	1		аралас	жаттау
10	ОН 4.10. Дене тәрбиесі және ғылым теориясы, әдіс- тәсілдері ұғымдарымен танысу	БӨ 4.10.1 Спорт оқу орындары, студент және дене тәрбиесі сабағы, студент және орта туралы тақырыптарды білу	6	3	3		аралас	бақылау сұрақтары
Барлығы			24	12	12			
2-семестр								
11	ОН 4.11. Табиғат құбылыстары, ресурстарын зерттеу	БӨ 4.10.4 Ұлттық тәрбиеінің маңызын түсіну	2	1	1		аралас	бақылау сұрақтары
		БӨ 4.10.5 Оқушылардың ғылыми жұмыстары. БӨ 4.10.6 Оқушыларға кеңес	2	1	1		аралас	бақылау сұрақтары
		БӨ 4.11.1 Табиғат және біз. Қоршаған орта	2	1	1		аралас	суреттеу
		БӨ 4.11.2 Өлкетану туралы шығармаларыме н танысу БӨ 4.11.3	2	1	1		аралас	бақылау сұрақтары

		Жыл мезгілдері жайлы толық мағлұмат алу						
12	ОН 4.12. Қазақтың ұлттық спорттық ойындары, салт-дәстүрлері, ерекшеліктерін тани білу	БӨ 4.12.1 Қазақтың ұлттық спорттық ойындарымен танысу. Салауатты өмір салты ұғымын қалыптастыру	2	1	1		лекция	тест тапсырмасы
		БӨ 4.12.3 Денсаулыққа байланысты әдеп-ғұрыптарды білу. Денсаулық және спорт ұштастыру	1	1			практик алық	зерттеу жұмысы
13	ОН 4.13. Олимпиада ойындары сипаттама беру	БӨ 4.13.1 Олимпиада тарихымен дамуын байланыстыра білу	1		1		аралас	бақылау сұрақтары
	Барлығы		12	6	6			
3- семестр								
14	ОН 4.14. Қазақстан жайлы жалпы түсінік беру	БӨ 4.14.1 Отан. Қазақстан Республикасының рәміздерімен танысу. Туған өлке туралы түсінік қалыптастыру	4	2	2		теория	эссе
15	ОН 4.15. Қарым-қатынас тәсілдерін қолдануды үйрену	БӨ 4.15.1 Сәлемдесу, сөйлеу әдебі, спорт, бұқаралық - ақпарат құралдары, ауызекі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру	4	2	2		практик алық	мәтін аудару
16	ОН 4.16. Мәдениет. Өнер тарихын қамту	БӨ 4.16.1 Қазақстан мәдениеті, спорт және өнер, театр, кино, музыка, кескіндеме, мұражай, көрме түсініктемелерді білу	8	4	4		аралас	бақылау сұрақтары

17	ОН 4.17. Дене тәрбиесі мұғалімі ерекше қасиеттерін зерттеу	БӨ 4.17.1 Мамандығым -дене тәрбиесі мұғалімі, Қазақстанның атақты бапкерлері туралы білу	4	2	2		лекция	тест тапсырмала ры
18	ОН 4.18. Іс-құжаттармен танысу, толтыру	БӨ 4.18.1 Мамандыққа байланысты құжат үлгілерімен танысу	4	2	2		аралас	бақылау сұрақтары
	Барлығы		24	12	12			
	Модуль бойынша барлық сағат саны		60	30	30			
	Модуль бойынша барлық кредит/сағат		2,5/60					